

ХАТТАМА №1

Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы

Өткізу күні: 29 тамыз

Өткізу орны: Музыка залы

Уақыты: 14:00

Кенес төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: М.К.Сарина

Қатысқандар:

1. Белгитаева А.К.

2. Касымова А.Б.

3. Жуманова Г.А.

4. Абжанова Г.М.

5. Жаканова Ж.М.

6. Сартбаева А.М.

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және

Кеңесті құру туралы ережелермен,
қызметімен таңыстыру Қ.Д.Бақтыбаева

2. Педагогтың өзінің кәсібі міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті

Г.Е.Шашалова

Тыңдалды:

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Қ.Д.Бақтыбаева сөйледі. Ол кеңеске қатысушыларды Жалпы ережелермен таныстырып өтті.

1.1. Педагогикалық әдеп кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілері негізінде құрылады. Кеңес-педагогтердің кәсібі этика, тәртіп және мораль мәселелерін талқылауға арналған алқалы орган.

Кеңестің басты мақсаты-педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, тәрбиешілер арасында оң психологиялық ахуал қалыптастыру және құқық бұзшылықтың алдын алу. Кеңестің міндеттеріне мыналар кіреді:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. Түскен шағымдарды қарастыру.

3. Әріптестер арасындағы дау-дамайларды шешуге көмектесу.

4. Қоғам алдында педагог мәртебесін арттыруға ықпал ету.

5. Кеңестің құрамы мен қызметі

5.1. Кеңес мүшелері балабақша меңгерушінің бұйрығымен бекітіледі.

5.2. Кеңес төрағасы мен хатшысы ашық дауыс беру арқылы сайланады.

5.3. Кеңес айына кемінде 1 рет немесе қажеттілікке қарай жиналатындығын айтып өтті.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті» тәрбиеші Касымова А.Б. тыңдалды. Ол өз сөзінде былай деді: «Педагогтің өзінің кәсібі міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті» - бұл педагогикалық әдептің, кәсібі мәдениеттің және ұстаздың қоғам алдындағы беделінің көрінісі. Педагог - баланың ғана емес, ата-ананың, қоғамның алдында тәрбиенің,

тазалықтың, жинақылықтың үлгісі болуы тиіс. Педагогтің сыртқы келбеті баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді. Киім үлгісі:

-Іскерлік стиль: ұстамды, қарапайым, ыңғайлы, ашық-шашық емес.

-Түстер: бейтарап-көк, сұр, қара, қоңыр, ақ сияқты реңктер.

-Киім таза, үтіктелген, киісіне сай.

-Спорттық, күнделікті сән үлгілері (джинсы, капюшон, кроссовки)

-Ер адамдар-жабық аяқ киім, классикалық үлгідегі көйлек, қажет болса галстук.

Педагогикалық әдеп дегеніміз не? Педагогикалық әдеп- педагогтің кәсіби қызметіндегі адамгершілік нормалары мен тәрбиеге сай мінез-құлық ережелері. Бұл педагогтің өз мамандығына, балаға, ата-анаға, қоғамға деген құрметінің көрінісі.

Негізгі принциптері: құрмет пен төзімділік, әділдік, жауапкершілік, ұстамдылық, жылы қарым-қатынас. Педагогикалық этика дегеніміз не?

Педагогикалық этика-бұл педагогтің нақты жағдайға байланысты мінез-құлқын, іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра білуі. Ол әрбір баламен сыныппен, ата-анамен жұмыс барысында бейімделіп отырады.

Мысалдары:

-ҰІӘ барысында тәртіп бұзған балаға ашу емес, сабырмен түсіндіру сияқты ситуациялардың шығу. Қорытындылай келе айтарым: педагогикалық әдеп- педагогтің ішкі мәдениеті мен адамгершілігін көрінісі, ал педагогикалық этика-сол әдептілік пен кәсіби біліктілікті тәжірибе арқылы қолдану жолы.

Сөз сөйледі: үшінші мәселе бойынша Сартбаева А.М. сөз алды. Ол сөзінде былай деді: «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті»-әрбір педагог үшін аса маңызды, кәсіби міндеттерін орындау кезінде адамгершілік, сыйластық, әділдік, сыпайлық пен сабырлықты сақтауы. Бұл- педагогтің тек білімі ғана емес, жүріс-турусы, қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті-адамның жеке тұлғалық, зияткерлік, рухани деңгейінің көрсеткіші. Педагог үшін бұл-балалармен, ата-аналармен, әріптестермен дұрыс, сауатты, сыпайы сөйлеу арқылы оң қалыптастыру жолы. Айта кетейік, педагогтың сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар:

-Таза, анық, дұрыс сөйлеу;

-Кейіпсіз, тұрпайы сөздерге жол бермеу;

-Қазақ тілінің нормаларын сақтау;

-Жағымды дауыс ырғағы, эмоцияны басқару;

-Жағымсыз қалжындардан аулақ болу.

Педагог-тек білім беруші емес, мәдениеттің, сыпайылықтың, адамгершіліктен үлгісі. Оның сөзі-тәрбиенің құралы, әсер етудің күші. Сондықтан педагог өз сөзін, дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін әрдайым бақылауда ұстауы тиіс деп санаймын

Шешім қабылданды:


1. Педагогтардың құқықтарының сақталуы жұмыс барысында басшылыққа алынсын.

2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп- этикалық нормаларын ұстауы міндеттелсін.

3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау нормаларын басшылыққа алу ұсынылады.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Қ.Д.Бақтыбаева
М.К.Сарина